



**Білім беру саласы:** Қатынас. Әлеуметтің орта , Шығармашылық  
**Ұйымдастырылған оқу қызыметі:**Сауат ашу. Сөйлеуді дамыту . Қоршаған орта ;

**ҰОҚ тақырыбы:** «Тоқтар Әубәкіров – қазақтан ұшқан тұңғыш ғарышкер».

**ҰОҚ мақсаты:** Балалардың ғарыш туралы түсініктерін кеңейту. Байқоңыр зымыран , ғарыш айлағы туралы мәлімет беру. Қазақстаннан ұшқан ғарышкерлермен таныстыру.

**Көрнекіліктер:** Түрлі түсті қағазпрезентация,

**Әдіс – тәсілдері:** Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап , ғарыш айлағы дидактикалық ойын .

**ҰОҚ барысы:**

**Шаттық шеңбері.**

Арайлап таң атты,  
Алтын сәуле таратты.  
Жарқырайды қаламыз,  
Жайнай түссін даламыз.  
Қайырлы таң қонақтар.  
Қайырлы күн достарым!



**Сұрақ-жауап!**

- ❖ 1-жылда неше мезгіл бар?  
1 жылда 4 мезгіл бар.Қыс, көктем,жаз,күз.
- ❖ Қазір жылдың қай мезгілі?  
Қазір жылдың көктем мезгілі. Көктем, весна, spring.
- ❖ Көктем мезгілінде ауа райында қандай өзгертер болады?  
Күн жылына бастайды, ағаштар бүршік жарады,құстар қайтып ұшып келеді,алғашқы бәйшешек гүлі бүршік жарады.
- ❖ Көктем туралы кім тақпақ біледі?
- ❖ Көктем айында неше ай бар?  
Наурыз,сәуір,мамыр.
- ❖ Наурыз айында қандай мерекелер бар?  
1-наурыз Алғыс айту, 8-наурыз аналар мерекесі, 14 наурыз амал мерекесі, 22-наурыз Қазақтың ұлы жаңа жылы мерекесі Ұлыстың ұлы күні .
- ❖ Көктемгі еңбек түрлерін атайықшы ?
- ❖ Балалар құстарға ұя жасайды , оларға қамқор болады , жерді жыртып жеміс ағаштарын егеді , гүлдер отырғызады .
- ❖ Көктемгі еңбек туралы кім тақпақ біледі ?

## Негізгі бөлім.

### ✓ Адаққан әріптер : А Р Ы Ш Ғ

Жерді қоршаған бүкіл дүние – *ғарыш* деп аталады . Ғарыш әлемі кең байтақ . Ғарыш әлемінде көптегенен ғаламшарлар бар.Олар : Меркурий , Венера , Жер , Марс , Юпитер , Сатурн , Уран , Нептун , Плутон.

### ✓ А Е Ш Қ Р Ғ Ы Р

Ғарыш әлеміне ұшатын , ғарыш әлемін зерттейтін адамдарды –ғарышкерлер деп атаймыз. Ғарышкерлер аспанға немен ұшады ? Қалай ойлайсындар ғарышкерлер ғарышта жүргенде зымыран ішінен шығады ма ? Аспанда ауа жоқ , өте ыстық , ғарышкерлер скафандр деген киім арнайы ауасы бар және ол киім ыстықтан қорғайды .

### ✓ О Қ Р А Т Т

Тоқтар Әубәкіров Қазақстаннан ұшқан тұңғыш ғарышкер .Ол ғарышта 7 күн 22 сағат, 13 минут болған екен . Т. Әубәкіров ғарышқа 1991 жылы 2 қазанда Байқоңыр ғарыш айлағынана ұшқан .

### ✓ Ғ Т А Т Л А

1994 жылы 1 шілдеде «Байқоңыр « ғарыш айлағынан ғарышқа екінші болып ұшқан екен. Талғат Мусабаев ғарыш кеңістігінде 126 тәулік 11 сағат 7 минут болған екен.

### ✓ Д Ы Й А Н

2015 жылы қыркүйектің 2 жұлдызында Қазақстаннан ұшқан үшінші ғарышкер.

Дидактикалық ойын : «Мозайка».

Мақсаты : ғарыш әлемін құрастыру.



Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап»


Мақсаты: бейнесін таба білу.

Дидактикалық ойын: «Жартысын тап»

Мақсаты: суреттің жартысын таба білу.



**Тәрбиеші :** -балалар қазір бізде Сәуір айы , осы сәуір айындада мерекелер бар екен. Ол қандай мереке екенін табу үшін экранға назар аударайық!



**Тәрбиеші:** Ал , балалар ғарышкер ағаларымыз туралы кім тақпақ біледі?

**Айбар :**

Самғап биік , туу көкте ,  
Сорғалайды қырандар –  
Олар білсең ғарышқа  
Оқтай ұшқан зымырандар ,

**Бекбай :**

Сапарға енді ғажап тым , ,  
Тоқтар тартты алысқа  
Туған ұлы Қазақтың,  
Тұңғыш ұшты ғарышқа .

Оны көрген алып дер ,  
Жарқылдаған от қандай !  
Шіркін , болсам ғарышкер  
Талғат пенен Тоқтардай!

**Асылай :**

Ғаламат ерлік көп қандай ,  
Ғажайып неткен ел еді!  
Ғарыштан ұшқан Тотардай  
Ғарышкер болғым келеді .

**Тәрбиеші :** Жарайсындар , балалар! Балалар енді мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. Шешіп көремізбе? Шешімін тапқаннан кейін оларды жазамыз, дыбыстық талдау жасаймыз.

**Жұмбақ шешу :**

Құстан аумады ,  
Көкте заулайды .

<b>Ұ</b>	<b>Ш</b>	<b>А</b>	<b>Қ</b>
----------	----------	----------	----------



2.

Аспанда бір алып ұс ,  
Ызғып ұшып барады .  
Қарап тұрсақ ғажайып ,  
Соңында із қалады .



<b>З</b>	<b>Ы</b>	<b>М</b>	<b>Ы</b>	<b>Р</b>	<b>А</b>	<b>Н</b>
----------	----------	----------	----------	----------	----------	----------

3 .Самұрық құс самғады ,  
Көктен өтіп .  
Айға жетіп ,  
Жеңілдеді салмағы .

Ғ	А	Р	Ы	Ш
---	---	---	---	---

К	Е	М	Е	С	І
---	---	---	---	---	---



**Дидактиалық ойын :** «Ғарыш әлемі»

**Шарты:** ғаламшарларды атай отырып өз орбиталарына орналастыр .

**Шығармашылық жұмыс :** «Тұңғыш Ғарышкер Тоқтар Әубәкіров »

**Мақсаты :** Аспан әлемінің әседігін сезіне отырып тұңғыш ғарышкер Тоқтар Ә пен ,арыш кемесін жапсыру.

**Қорытынды:** 12-Сәуір қандай мереке?

**Ғарыш кемесі қалай аталады?**

**Ғарыш әлемінде қанша планета бар?**

